

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 326 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі N 840 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 777 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.07.2014 № 777 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Борышкердің мүлкін (активтерін) сату жөнінде сауда-саттық жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 326 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 15 , 143-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Борышкердің мүлкін (активтерін) сату жөнінде сауда-саттық жүргізу ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банкроттық саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - банкроттық саласында (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) жеңімпаз - аукцион лоты үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушы;

3) лот - аукционда бір мезгілде сатылатын зат немесе бірнеше заттар;

4) лоттың бастапқы бағасы - әрбір лот бойынша сауда-саттық басталатын баға ;

5) лоттың ең төмен бағасы - лот одан төмен сатылуы мүмкін емес баға;

6) сату бағасы - сауда-саттық нәтижесінде белгіленген лоттың түпкілікті б а ғ а с ы ;

7) сатушы - конкурстық басқарушы;

8) сатып алушы - сатушымен, сатып алу-сату шартын жасасқан жеңімпаз;

9) сауда-саттыққа қатысушы - осы Ережеде белгіленген тәртіппен сауда-саттыққа қатысу үшін тіркелген жеке немесе заңды тұлға;

10) сауда-саттықты ұйымдастырушы - конкурстық басқарушымен сауда-саттық жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан және олардың нәтижелеріне мүдделі емес жеке немесе заңды тұлға;

11) сауда-саттықтың ағылшындық әдісі - бастапқы баға неғұрлым жоғары баға ұсынған бір қатысушы қалған сәтке дейін алдын ала жарияланған қадаммен өсетін сауда-саттық әдісі;

12) сауда-саттықтың голландтық әдісі - бастапқы баға қатысушылардың бірі аукцион затын жарияланған баға бойынша сатып алуға келісім берген сәтке дейін жарияланған қадаммен төмендейтін сауда-саттық әдісі.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Ауыл шаруашылығы ұйымы болып табылатын борышкердің сату жоспары қызметінің негізгі түрін міндетті түрде сақтай отырып, борышкердің мүлкін аукционға бірыңғай лотпен бастапқы шығару туралы қосымша шартты қамтуы тиіс";

1 1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Сауда-саттық жүргізу" деген сөздердің алдынан "Сату жоспарында көзделген" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлық немесе жекелеген лоттар бойынша сату жоспарында көзделген сауда-саттық жүргізілмеді деп танылған немесе сату жоспарына тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін сауда-саттық жүргізудің негізгі шарттарын өзгерткен жағдайда келесі сауда-саттықты жүргізу туралы ақпараттық хабар осы тармақта белгіленген тәртіппен жарияланады.";

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Ауыл шаруашылығы ұйымының конкурстық массасын сату жөніндегі аукционды өткізу уақыты мен орнын конкурстық басқарушы кредит берушілер комитетінің келісімімен анықтайды.";

12-тармақтың 9) тармақшасы "мекен-жайлар" деген сөзден кейін ", болған жағдайда веб-сайт" деген сөздермен толықтырылсын;

18-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әрбір лот бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна ағылшындық әдіс кезінде лоттың бастапқы бағасының 10 %-ын, голландтық әдіс кезінде лоттың ең төменгі сомасының 10 %-ын құрайды.";

23-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Сауда-саттықты ұйымдастырушыны тарту үшін қаражат жеткіліксіз болған кезде сауда-саттықты осы Ережеде белгіленген тәртіппен конкурстық басқарушы жүргізеді.".

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Банкроттық рәсімдерін ауыл шаруашылығы ұйымдары үшін қолданудың ерекшеліктері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1816 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 57, 514-құжат);

2) "Борышкер-ауыл шаруашылығы ұйымының конкурстық массасын сатудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қазандағы N 1016 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 40, 420-құжат).

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*